

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

жизни людей. В таких случаях необходимо следовать особенно строгим мерам предосторожности. Эксгумация трупа с подозрением на наличие особо опасной инфекции должна быть проведена только квалифицированными специалистами, использующими высокоэффективное защитное снаряжение и оборудование. Эти специалисты должны быть обучены и иметь опыт работы с такими инфекциями, а также иметь доступ к специальным средствам дезинфекции и медицинским препаратам.

Проведение эксгумации в случае подозрения на наличие особо опасной инфекции должно быть тщательно спланировано, и все участники должны быть полностью осведомлены о рисках и мерах предосторожности. Если эксгумация необходима для судебных или медицинских целей, то ее проведение должно быть согласовано с местными органами здравоохранения и соблюдать все соответствующие законы и правила [6].

Таким образом, при проведении эксгумации трупа необходимо учитывать тактико-психологические факторы и принимать меры для смягчения возможных негативных последствий. Это может включать использование специальных методов работы с родственниками умершего и общественностью, обеспечение конфиденциальности и безопасности в ходе процедуры, а также проведение дополнительных мероприятий для снижения стресса и тревожности участников.

Список использованных источников:

1. Попов В.Л. Судебная медицина – Санкт-Петербург, 2002, С. 495-497
2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан
3. Приказ № 484 МЮ РК «Об утверждении Правил организации и производства судебных экспертиз и исследований в органах судебной экспертизы».
4. Матышева А.А. Судебная медицина – Ленинград «Медицина», 1985, С. 460-464.
5. Хохлов В.В., Кузнецов Л.Е. Судебная медицина -Смоленск, 1998, С.55-58
6. Громова А.П. Практикум по судебной медицине – Москва, 1971, С. 7-14

УДК 343.13

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША САРАПТАМА ЖҮРГІЗУДЕ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ РҰҚСАТ ЕТІЛУІ

Әнуарбекова Гүлжан Қосниязқызы

gulzhan_aniarbekova@mail.ru

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті

7M04209 - «Сот сараптамасы» мамандығы бойынша 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші – Н.Б. Мергембаева

Қылмыстық іс жүргізуде сот сараптамасының ролін дұрыс түсіну оның ары қарай дамуына, қылмыстық істерді тергеу және қарау барысында нәтижелі қолдануда маңызы жоғары. Осы мәселені зерттеудің қажеттілігі сот танымының мақсаттарының ерекшеліктерінен, қылмысты тану процесінің өзінің ерекшелігінен, нақтырақ айтар болсақ, сот ісін жүргізуде қарастырылып жатқан іске қатысы бар және құқықтық бағалауға жататын және белгілі бір мөлшерде қылмыстық құқық нормаларын пайдалануды анықтайтын фактілердің бекітілуі керектігінен келіп шығады. Барлық қылмыстық іс жүргізу құралдары, соның ішінде сот сараптамасы, қылмыстық заң ұйғарымдарын пайдалануды қамтамасыз ету үшін бағытталған. Сондықтан қылмыстық іс жүргізудің қатысушысы ретіндегі сот сарапшысының ролін айқындап алмай жатып сот сараптамасының мағынасын ашу мүмкін емес.

Іс жүргізу дәлелдемесіне хабардар тұлғаны тартудың екі нысаны тарихи қалыптасқан: тергеуге және сот әрекеттеріне қатысуға маманды немесе сот сараптамасын тағайындау барысында сот сарапшысын тарту арқылы. Арнаулы білімді пайдалану нысандардың әрқайсысы іс жүргізу заңымен регламенттелген және әділ сотты жүзеге асыру барысындағы тиісті өзінің мәртебесі, міндеттері мен іске асырушылық әдістері бар. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңы белгілі бір уақыт ішінде құқықтық қатынастың осы саласын реттеу бойынша бір ізге салу нұсқамаларынан тұратын КСРО және одақтас республикалардың Қылмыстық сот ісін жүргізудің негіздері базасында қалыптасты. Ұлттық заңнамалардың өзіндік даму мүмкіндігі мемлекетіміздің егемендік алған, яғни 1997 жылғы 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексын (ары қарай – ҚР ҚІЖК) қабылдаған уақыттан бастап жүзеге асырыла бастады. Кодексте республикамыздың қылмыстық әділет жүйесін қазіргі заманғы демократиялық құқықтық мемлекеттің сипаттамаларына сәйкестендіру қажеттіліктеріне бағыттылған принципті түрдегі жаңа ережелері бекітілген [1]. Қазақстанның қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңының айрықша ерекшеліктері оның жеке институттарын құқықтық реттеудің ерекшеліктерін айқындайды. Бұл қылмыстық істерді тергеу және қарау барысында туындайтын, міндеттерді шешу үшін арнаулы білімді пайдалануға байланысты құқықтық қатынастарды реттейтін институттарға да қатысты. Сонымен, қылмыстық іс жүргізу заңында жоғарыда аталған институттың концептуалды негізі болып табылатын «арнаулы білім» деген ұғым бірінші рет анықталды. ҚР ҚІЖК 7-б. 41-т. сәйкес, арнаулы білім дегеніміз – адам кәсіби оқудың не белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуінің нәтижесінде алған, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланатын қылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білім (3). Заңда бекітілген анықтама арнаулы білімнің процессуалдық санатына қылмыстық сот ісін жүргізуде жалпыға белгілі емес бола тұра ҚР ҚІЖК 8-б. тұжырымдалған – қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапқа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану міндеттерін шешуге бағытталғандарды жатқызуға мүмкіндік береді.

А.А. Исаев қылмыстық іс жүргізудегі арнаулы білімнің мазмұнының анықтамасы бойынша ғалымдардың (А.А. Эйсман, В.И. Шиканова, Е.И. Зуева, И.В. Сорокотягина, Г.М. Надгорного, Н.С. Романова, В.Н. Махова және басқа) түрлі пікірлеріне жекелеп талдау жасауы оларды келесі жүйеде мазмұндауға мүмкіндік берді:

- арнаулы білім жалпыға белгілі білім және құқық саласындағы білімді есептемегендегі білімнің кез-келген жиынтығын білдіреді;
- арнаулы білім адамның белгілі бір мамандығының кәсіби білімі болып табылады;
- арнаулы білімді осы топқа жатқызу процессуалдық шешімдерді қабылдаумен байланысты болғандықтан ол ситуациялық сипатқа ие;
- арнаулы білім ғылыми білім болып табылады;
- арнаулы білім «аналық ғылым» базасындағы жинақталған білім кешені болып табылады [2].

Іс жүргізу әдебиеттерінде анағұрлым дұрыс деп танылған пікір бойынша дәлелдеу процесі оны құрайтын компоненттері – жинау, тексеру және бағалауға бөлінеді, олар бір бүтінді құрайтын дербес бөліктерден тұратын және «қылмыстық іс жүргізумен аяқталғанын сипаттайды»). Дәлелдемелерді жинау – бұл алдын ала тергеу және сот органдарының нақты деректерді табу, оларды қарау және процессуалдық рәсімдеуге бағытталған іс жүргізу қызметі. Дәлелдемелерді жинау заңмен көзделген тәсілдермен жүзеге асырылады. ҚР ҚІЖК 125-б. ақпараттардың іс жүзіндегі және берілуінің түрлі нысандары мен түрлерінің ерекшеліктерінен шыға отырып, дәлелдемелерді жинаудың үш тобын атап көрсетеді. Олардың бірі ретінде арнаулы білімді пайдалану жолымен оны табу, алу және беруді талап ететін дәлелдемелік ақпаратты алу тәсілі ретіндегі сараптама болып табылады.

Дәлелдемелерді жинаудың тәсілі ретіндегі сараптаманың ерекшелігі осы іс жүргізу әрекетіндегі екі жеке іс жүргізудің қиысумен анықталады: сарапшының қорытындысын алу мақсатында тергеушінің мақсатқа лайықты қызметі және сарапшының нақты мәліметтерді,

оның тұжырымдамаларын қалыптастыру бойынша қызметі. Сонымен бірге сарапшы орын алған фактілердің пассивті көрініс субъектісі ретінде емес, туындаған іс жүргізу аясында сараптама объектілерін мақсатқа лайықты зерттеу нәтижесінде дәлелдемелік ақпаратты тасымалдаушы болып табылады. Яғни тергеуші және сот дәлелдемелерді алу мақсатында тергеу және сарапшының қорытындысын қалыптастыру процесінің өзін қоспағанда, барлық қажетті әрекеттерді жүргізеді. Мұндай қызметіне қарай бөлу алынған нақты деректерді қажетті тұрғыда тексеруге және сарапшы тұжырымының бейтараптылығы мен объективтілігіне кепіл болуына мүмкіндік береді. Сараптаманы жүргізу сараптамамен байланысты іс жүргізу әрекеттерінің бүкіл кешенін қамтиды, оларды тиісті кезеңдерге бөлуге болады.

1. Сараптаманы тағайындауға тергеушінің немесе соттың сараптамалық зерттеулері үшін материалдарды дайындауы, сараптаманы тағайындау туралы қаулыны шығаруы, онымен айыпталушыны таныстыруы және оған ҚР ҚІЖК 244-б. бекітілген құқықтарды түсіндіруі, сарапшыны шақыру және оған құқықтары мен міндеттерін түсіндіруі, оны қылмыстық жауапкершілік туралы ескерту және оған сараптаманы жүргізуді беру не сараптаманы тағайындау туралы қаулының (анықтаманың) жолдамасын және оған қажетті барлық қажетті материалдарды сараптама мекемесіне жіберу жатады.

Бұл кезеңде шешімін табуы маңызды болатын мәселе – сараптаманы тағайындау үшін негіздемені анықтау, ал сараптаманы заңсыз тағайындау жағдайы орын алғанда ауқымды күш пен қаржыны ысырап етуге, алдын ала тергеудің мерзімін ұзаруына және басқа да кері нәтижелерге әкеліп соғады.

Қылмыстық-құқықтық заңның талаптарына сәйкес кез келген сот әрекеттері, соның ішінде сараптама тақырыпқа заңды нақты және заңды негіздемелер болған жағдайда ғана жүргізілуі қажет.

Дәлелдемелер теориясында нақты негіздемелер тергеу әрекеттерін жүргізу қажеттілігіне себепші болатын нақты мәліметтер (ақпараттар) болып есептеледі. Сараптаманы жүргізудің нақты негіздемелері ҚР ҚІЖК 240-б. көрсетілген – бұл арнаулы танымды пайдаланудың қажеттілігін көздейтін нақты мәліметтер. Сонымен қатар, заң арнаулы ғылыми біліміне деген жалпы және анық емес қажеттілікті ғана атап өтеді және ҚР ҚІЖК 241-б. тізімделген сараптаманы міндетті түрде тағайындау жағдайларын көрсетеді, алайда сонымен бірге осы қажеттілікті анықтайтын нақты мәліметтерді атамайды. Қосымша сараптаманы тағайындаудың негіздемелері де нақтыланбаған, осы ретінде сарапшы қорытындысының жеткілікті анық немесе толық еместігі деп көрсетіледі. Сондықтан сараптаманы тағайындаудың негіздемелеріне берілген мұндай анықтама анық және толық түсініктеме бере алмайды және нақтылау мен түсіндіруді қажет етеді.

Сараптаманы тағайындау негіздемелеріне – арнаулы ғылыми білімді пайдаланумен байланысты мәселелерді шешу қажеттілігіне нұсқайтын нақты мәліметтер болып табылады деген тұжырымдама анағұрлым нақты деп ұсынылады. Бұл тергеу әрекеттерінің ерекшелігі болып заңмен көзделген бірнеше міндетті белгілер болғанда ғана жүргізілетіндігінде.

Ең алдымен мұндай болып істің мән-жайларын бекіту және сараптамалық зерттеулерді жүргізу үшін арнаулы ғылыми білімді пайдаланудың қажеттілігі табылады. Яғни саланың, ең алдымен ғылым саласындағы, белгілі бір мәселелерін шешу үшін арнаулы білімді пайдаланудың объективті қажеттіліктері болуы қажет. Бұл дегеніміз, осы білімсіз істің белгілі мән-жайларын бекіту мүмкін еместігін білдіреді. Мысалы, психиатрия саласынан білімнің болмай – беттің психикалық жағдайын анықтау, криминалистикалық білімсіз – жарылыстың себебін, жарылғыш құралының типін белгілеу және т.б. Арнаулы ғылыми білімді пайдаланудың объективті қажеттілігін дұрыс белгілеу үшін ҚР ҚІЖК 241-б. тергеуші және сот сараптаманы тағайындау туралы қаулыны (анықтаманы) шығаруға міндетті болатын, сараптаманы міндетті жүргізудің арнайы ескертілген жағдайлары көрсетілген. Сараптаманы міндетті тағайындау жағдайларының мәні көрсетілген фактілер мен мән-жайлардың сараптама жүргізілмей бекітілуі мүмкін еместігінде. Тәжірибеде шешімі сараптаманы тағайындаудың міндеттілігін талап ететін мәселелер аясы ҚР ҚІЖК 241 б.

көрсетілгеннен анағұрлым кең. Оған, жекелеп алғанда, есірткі заттардың болуын бекіту, қарудың белгілі бір түріне жатқызуды бекіту, тұлғалар мен заттарды сәйкестендіру және т.б. жатады. Сарапшының тұжырымдары осы түсініктерді қолдана отырып, жүргізген зерттеулерінің нәтижесі болып табылуы керек. Сарапшының нақты тәжірибелік әрекеттерінің жиынтығынсыз тергеу барысында туындаған мәселелерді шешу мүмкін емес. Сараптама зерттеулері барысында алынған тұжырымдамалар ғана іс бойынша дәлелдемелік маңызға ие бола алады. ҚР ҚІЖК 241-б. аталған сараптаманы міндетті түрде тағайындау жағдайлары, сондай-ақ тергеу және сот тәжірибесінде пайда болған жағдайлар да ескерілуі қажет. Өзге негіздемелер қосымша және қайталама сараптамаларды тағайындау үшін қарастырылған. Қосымша сараптама «қорытынды толық немесе жеткілікті түрде айқын» болмаған жағдайда (ҚР ҚІЖК 255-б. 1-б.) және оны сарапшының жауап алу жолымен жою мүмкін болмаған жағдайда тағайындалады. Яғни сарапшы өзінің қорытындысында өзіне ұсынылған объектілердің барлығын зерттегендігін көрсетпеген немесе алдына қойылған мәселелердің барлығына жауап бермеген жағдайда. Егер жаңа объектілерді зерттеу қажеттілігі не тергеуші немесе соттың сарапшыға деген жаңа сұрақтары туындаған жағдайда сараптаманы ҚР ҚІЖК 255-б. тәртібіне сәйкес тағайындау керек [3].

Ең алдымен бұл сараптаманы жүргізу мерзімдері. ҚР ҚІЖК 184-б. сәйкес тергеуші 10 тәулік мерзім ішінде істі қозғау немесе одан бас тарту туралы шешімді қабылдауы керек. Тергеуші мен сарапшы осы мерзімнен асырмауы керек. Сараптама жүргізу зерттеулерінің талдауы, бүгінгі күні бұның өте қиындығын, ал зерттеулердің мөлшері көп немесе оның сипатының күрделі болған жағдайда іс жүзінде бұл мүмкін емес екендігін көрсетеді. (Бірқатар ведомстволық нұсқамаларындағы талаптарға сәйкес сараптама жүргізудің мерзімі 30 тәулікке дейін деп белгіленген) [4].

Сондықтан осы мәселені шешуді жеделдету үшін қылмыстық істі қозғау сатысында қысқа мерзім ішінде алдын ала зерттеулерді жүргізетін маман шақырылады, соның негіздемесінде істі қозғау туралы шешім қабылданады. Сонымен қатар тағы да туындайтын қиындық – сараптамаға жіберілетін материалдардың көлемі және жүргізілетін зерттеулердің шегі. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, сарапшыға қойылатын тапсырманың және істі қозғау туралы шешімді қабылдау барысында оған табыс етілетін материалдардың көлемі маманға қарағанда сәйкес келмейді және анағұрлым көп. Бұл алынған материалдарының көлемі толық емес және бірқатар мән-жайлары белгісіз немесе бекітілмеген болып табылғандықтан, қылмыстық істі қозғау кезеңінің мазмұнының ерекшелігімен түсіндіріледі. Тергеуші алдын ала тергеу жүргізу барысында ғана қылмыстың жасалуының толық және жан-жақты картинасын алады, сондықтан сұрақты толық және дұрыс тұжырымдай алады, сондай-ақ зерттеу үшін қажетті барлық материалдарды алып, оларды сарапшыға ұсына алады. Сонымен қатар істі қозғау сатысындағы сараптама қосымша және қайталама сараптаманы тағайындауға алып келуі мүмкін, яғни бұл қосымша күш, қаражат және уақытты шығындау деген сөз. Дәлелдемелерді түріне қарай бөлудің негіздемесі дәлелдеменің әрбір түрінің белгілі құрылымы және мазмұны болып табылады. Сарапшы қорытындысының құрылымы және мазмұнының ерекшелігі келесі талаптарда көрініс тапқан:

белгілі құрылымда, сондай-ақ іске қатысты мәліметтің көлемі мен сипатында, яғни сарапшы қорытындысының мазмұнында;

осы дәлелдемелерді дұрыс құру және рәсімдеуде.

Қылмыстық іс жүргізу заңы сарапшы қорытындысының құрылымы және мазмұнын жалпы тұрғыда регламенттейді. Шарттар, зерттеу процесі және сарапшы бекітетін нақты мәліметтер сарапшының қорытындысында көрініс табуы қажет.

Заң сарапшы қорытындысының негізгі элементтерін бекітеді. Жекелеп алғанда, ҚР ҚІЖК 251-б. сәйкес, сарапшының қорытындысында мыналар көрсетілуге тиіс: қашан, қай жерде, кім, қандай негізде сараптама жүргізілді, жүргізу кезінде кім қатысты, сарапшы қандай материалдарды пайдаланды, қандай зерттеулер жүргізілді, сарапшыға қандай сұрақтар қойылды және оның негізді жауаптары. Қылмыстық іс жүргізу заңының талаптары негізінде тергеу және сот тәжірибесі сарапшы қорытындысының анағұрлым нақты нысанын,

құру тәртібін және реквизиттерін өңдеп шығарды. Бұл сараптаманың әр түрін регламенттейтін көптеген ведомстволық актілерде өз орнын тапты. Мысалы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығының Сот сараптамасын жүргізу жөніндегі нұсқаулық. Әдеттегіінше, сарапшы қорытындысы үш бөлімнен тұрады: 1) кіріспе, 2) зерттеу, 3) тұжырымдар немесе қорытындылар. Осы аталған бөлімдердің әрбірінің мазмұнын міндетті түрде толықтырудың қатаң шарттары заңмен бекітілмеген, бірақ сараптамалық тәжірибеде қабылданған талаптарға сәйкес, тәртіп бойынша осы бөлімнің әрбірінің мазмұнында сарапшы қорытындысының құрылымы қамтылуы тиіс екендігін атап көрсету керек. Сарапшы қорытындысы мәліметтердің белгілі бір мөлшерін қамтуы керек, соның негізінде сараптаманы қандай мақсатпен тағайындалғаны, нақты кім оны жүргізгендігі, оны жүргізу барысындағы тұлғалар кімдер екендігін білуге болады. Бұл үшін кіріспе бөлімінде негізінен келесі мәліметтер көрсетіледі: сараптама тағайындалған істің нөмірі және атауы, сараптаманы тағайындағын орган немесе тұлға туралы деректер; сараптаманы тағайындаудың нақты немесе заңды негіздемелері; істің мән-жайлары; зерттелетін объектілерді жеткізу әдістері және оларды буып-түю түрі көрсетілген, сарапшыға табыс етілген материалдар; материалдардың келіп түсу күні және қорытындыға қол қойылған күні; сарапшы немесе сарапшылар туралы мәліметтер (Аты-жөні, білімі, мамандығы, ғылыми дәрежесі және атағы, лауазымы); сарапшының шешуі үшін алдына қойылған мәселе. Мәселелерді топтастыру және олардың орналасу тәртібі сарапшының көзқарасы бойынша дұрыс деп табылған зерттеу тәртібі, мазмұндалуының айқындылығы және т.б ретпен құрылуы мүмкін. Қылмыстық сот ісінде арнаулы білімді пайдаланудың нысандары заңмен тікелей айтылмаған. Олар түрлі болуы мүмкін. Барлығы қылмыстық істі тергеу және қарау барысында қандай міндеттерді шешетіндігіне байланысты. Жекелеген жағдайларда сараптама жүргізбей іс бойынша іс жүргізу барысында заттарға немесе құжаттарға зерттеу жүргізу мүмкін. Заң әдебиеттерінде осы мәселеге мүлдем қарама-қайшы пікір бар. Бұл пікір бойынша маманның объектілерді (пәндерді, құжаттарды) зерттеуі тәжірибелі жолмен жүзеге асыру мүмкін емес. В.М. Быковтың пікірі бойынша маман, тәртіп бойынша «оған ұсынылған объектілер – заттар және құжаттарды қараумен ғана шектеледі», ал арнайы танымды объектілердің белгілері туралы пайымдауларды қалыптастыру үшін ғана пайдаланылады» [5]. Қылмыстың белгілеріне жататын мән-жайларды зерттеу үшін сот сараптамасын пайдалану не маманның тергеу немесе сот әрекеттеріне қатысу қажеттілігі, ең алдымен, осы тұтастай мән-жайлардың қатарын не тергеушінің не соттың бекіте алмауымен анықталады, өйткені оларды анықтау, талдау және бағалау арнаулы білімнің арқасында ғана жүзеге асырылады, алайда сот-тергеу қызметкерлері ол білімді меңгермеген – олардың білімдері нақты кәсіптік саламен шектеледі.

Белгілі бір мән-жайлардың маңыздылығын тергеуші, сот олардың өзінен ғана емес, істің басқа да мән-жайларымен байланысты, сондай-ақ заң талаптарынан шыға отырып анықтайды. Сарапшы мен маманның міндеті – фактінің өзін бекітуге жәрдем көрсету. Қылмыстық іс жүргізу кодексі «арнаулы білімге» анықтама бере отырып, оларды пайдаланудың нақты нысандарын көрсетпей-ақ, бір мезгілде сот сарапшысы мен маманның қызметінің нақты регламентациясын енгізуімен олардың құқықтық мәртебесін, арнаулы білімді пайдалану шегін, аталған тұлғалардың қызметін бағалаудың түрлі деңгейлік қадамдарын белгілейді. Сот сарапшысын арнаулы ғылыми білімді меңгерген субъект ретіндегі ұғымды заңмен шектеу, теория және тәжірибеде де арнаулы біліммен бірге оны меңгерген субъектілер – мамандар мен сарапшылардың мәртебесінің мәнін түрлі түсіндірулерге алып келеді. Осыдан келіп маманға зерттеу барысында арнаулы ғылыми білімдерді пайдалануды талап етпейтін не сот сарапшысының құзіретіне жатпайтын мәселелерді шешу міндетін қою фактілерінің көптігі орын алып отыр.

Осылайша, қылмыстық іс жүргізудегі сот сарапшысы мен маманның процессуалдық ережесінің ерекшеліктері туралы жоғарыда жүргізілген талдау қылмыстық іс жүргізуде көрсетілген арнаулы білімді пайдалану нысандарын қолданыстағы ерекшеліктері, ең алдымен іске қатысу нәтижелері бойынша білімді береді, сонымен қатар қылмыстық істерді

тергеу кезіндегі сарапшы мен маманның тергеуші немесе сотпен өзара қарым-қатынастарының тәртібі мен сипатын белгілейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Быков В.В. Заключение специалиста // Законность. -№9. -2004. -21-22 б.
2. Исаев А.А. Қылмыстарды жіктеу үшін арнаулы білімді пайдаланудың теоретикалық және құқықтық мәселелері. Алматы, Жеті жарғы, 1999, 156.
3. Селина Е.В. Применение специальных познаний в уголовном процессе. М.: Юрлитинформ, 2002. 26 б.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. «Жеті жарғы» баспасы, 1997 ж.
5. Криминалистика; ЖОО арналған оқулық/ред. В.А. Образцова. М.: Юристъ, 1999, 373 б.

УДК 343.13

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ
ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ ЖОЛ БЕРІЛУІ**

Әнуарбекова Гүлжан Қосниязқызы

gulzhan_anuarbekova@mail.ru

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті

7М04209 - «Сот сараптамасы» мамандығы бойынша 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші – Н.Б. Мергембаева

Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізудегі дәлелдемелердің жол берілуі өте маңызды мәселе болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізу үшін дәлелдер бөліміндегі екі мәселе қажет болады: дәлелдемелердің дұрыстығы және дәлелдемелердің рұқсат етілуінің мүмкіндігі.

Дәлелдемелер - бұл қылмыстық сот ісін жүргізу кезінде пайда болған мәліметтер, нысандар, оқулар, шолулар және басқа мағлұматтар. Заңгерлер, сарапшылар және басқа көмекшілер фактілердің дұрыс болуы үшін өз жұмысының мәнін түсінуі керек. Дәлелдемелердің рұқсат етілуі дегеніміз, құқықтың нормаларында анықталған жолмен жүзеге асырылады. Осы ережелерде дәлелдемелердің рұқсат етілуіне қандай процессуалдық нормалар қолданылады. Олардың ішінде соттағы дауларда нақты жағдайларда бұзушылықтарды анықтауға дәлелдемелерге жол берілмейді. Мысалы, азаптау, зорлау және себепсіз жүзеге асырылған әрекеттермен қатар, заңсыз әрекеттердің фактілерімен анықтауға арналған дәлелдемелері де рұқсат етілмейді. Олардың жол бермеу критерийлері сот ісін жүргізудегі құқықтық мәселелерді шешуге және тәуелсіздікті қамтамасыз етуге арналған. Бұл критерийлер анықталуы керек. Олардың ішінде жауапкершілік жағдайына сәйкес дәлелдемелердің болуы, ағымдағы жағдайларға байланысты ақпараттық-құқықтық нормалардың сақталуы және тәуелсіздік қауіпсіздігін сақтауға байланысты, сондықтан сотқа дейінгі даулардағы құқықтық мәселелерді анықтау қажет. Рұқсат етілген дәлелдемелердің жалпы санынан бастап, қатарында сот өкілдерімен болатын кез келген ерекшеліктерге кеңінен қатысты деректердің дәлелдемелеріне қол жеткізіледі. Осы дәлелдерге сәйкес, сот оны тіркеуді қабылдаған кезде оны қабылдаудың бірнеше критерийлеріне сәйкес келетін шарттар болады. Олардың бірі - дәлелдемелердің мазмұнында қатысушылардың аты-жөні мен мекенжайы, оқиға өткізілу кезінің уақыты, олардың тұрақты білімі және оның белгілі болуы мүмкін екендігі. Бұл мәліметтер берілмеген дәлелдемелер рұқсат етілмейді.

Әрине, процессуалдық нормаларды бұзуға қатысты алынған дәлелдемелер бойынша кез келген міндетті мәліметтер көрсетіледі. Мысалы, азаптаумен байланысты